

Кенжебек Рүстембеков
Академик Е. А. Бөкетов ат. Қарағанды университеті

Ғалым – педагог
Рәшида Ғазизқызы
Омарованың
100 жылдығына арналады

ҰСТАЗ

Орталық Қазақстанда жоғары білікті ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлау ісінде химия ғылымдарының кандидаты, профессор, КСРО жоғары білім беру үздігі Рәшида Ғазизқызы Омарованың есімі айрықша орын алады.

Рәшида Ғазизқызы 1922 жылдың 20 маусым күні Алматы қаласында дүниеге келген.

Мектеп бітіргеннен кейін С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің химия факультетіне оқуға түседі. Ұлы Отан соғысы жылдары оқуын үзіп, Қазақ темір жолы басқармасында еңбек етті. Сол ауыр күндерде өзіне жүктелген жұмыстың зор маңызын анық түсінген жас қыз Рәшида көпшілікпен бірге, тыл қуатын қарттармен қолына алған, бұғанасы қатпаған жастармен бірге еңбек етіп, болашаққа сенді. Жеңіс күнін күтті. Еңбекте есейе түскен Рәшида Ғазизқызының үміті қайта тұтанып, оқуын қайта жалғастыруға ұмтылды. Соғыс аяқталған соң оқуын жалғастырып, сол мақсатына жетіп, 1948 жылы Қазақ мемлекеттік университетін «Органикалық химия» мамандығы бойынша үздік дипломмен аяқтады.

Еңбек пен оқуда шыныққан талап пен талғам енді ғылым көгіне қарай мезгеді. Қазақ КСР Ғылым академиясының химия институтындағы ғылыми-зерттеу күндері басталып кетті. Институттың аспирантурасын ойдағыдай аяқтап, 1953 жылдың 9 қаңтарында «Хлорлы қалайының күрделі эфирлермен комплексті қосылыстары» деген тақырыпта республика Ғылым академиясының академигі, «қышқылдар мен негіздер теориясының» авторы М.И. Усановичтің жетекшілігімен химия ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алуға диссертациясын ойдағыдай қорғап шықты.

Химия ғылымдарының кандидаты атанған Рәшида Ғазизқызы 1953 жылы Қарағанды педагогикалық институтына оқытушылық қызметке жіберіледі. Әуелі аға оқытушы болудан бастаған қызметін, 1955 - 1960 жылдары жаратылыстану факультетінің деканы, 1960 - 1972 жылдары химия кафедрасының меңгерушісі болып жалғастырады. Осы жылдары доцент ғылыми атағына ие болады. Рәшида Ғазизқызы - ең алдымен ғалым – педагог. Өткен ғасырдың елуінші жылдары саусақпен санарлық болса, сол кезде химия саласында Рәшида Ғазизқызының ғана болғандығын айтсақ та жеткілікті, жиырма жылдай уақыт педагогикалық институтында химия кафедрасының меңгерушісі, жаратылыстану факультетінің деканы қызметтерін

атқарған ғалым- педагог 1972 жылы республикадағы екінші университет – Қарағанды мемлекеттік университеті шаңырақ көтергенде химия факультетінің тұңғыш деканы болды

Химия факультетінің құрылуы мен қалыптасу кезеңінде өзінің білімі мен барлық қажыр – қайратын жұмсаған факультет деканы профессор Рәшида Ғазизқызы факультетті университеттік білім ордасы деңгейіне жеткізіп, Қарағанды университетіндегі алдыңғы қатардағы факультет дәрежесіне дейін көтерді.

Рәшида Ғазизқызының ұстаздық мектебімен өткен химиктер кең байтақ республикамыздың және әлемнің түпкір - түкпірінде жемісті еңбек етіп жүр. Олардың арасында ғалымнан дәріс тыңдап, ақыл – кеңес алған, бүгінде ол кісінің жолын қуған шәкірттері қаншама десеңізші. Ұзақ жылдар бір ұжымда қатар жұмыс істеген профессорлар А.В.Казанцев, Е.Ғафуров, М.Жамбеков Рәшида Ғазизқызының ұстаздық мектебінен өткен. Ғалымның лайықты шәкірттерінің арасында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаттары, ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академиктері С.Әдекенов пен С.Фазыловтың, академиктер Б. Төлеуовтің, М.Буркеевтің бар екендігін зор мақтанышпен айтуға болады.

Профессор Рәшида Ғазизқызы Омарова Қарағанды мемлекеттік университеті химия факультетінің тұңғыш деканы бола жүріп, факультеттегі ғылыми – педагогикалық жұмыстарды жолға қоюмен қатар, университеттің қалыптасуына зор еңбек сіңірді.

Профессор Рәшида Ғазизқызы ең алдымен шебер педагог. Физикалық және коллоидтық химиядан және «Ерітінділер теориясы» арнайы курсынан оқыған дәрістері әрқашанда терең ғылыми дәрежеде өтетін. Әр дәрісіне студенттер зор ынта – ықыласпен қатысатын. Осының өзі - ақ педагог еңбегіне берілген жоғары баға болды.

Рәшида Ғазизқызының ғалым ретінде қаныққан және ароматты нитроқосылыстарды электролиз әдісімен тотықсыздандыру саласында жүргізген ғылыми-зерттеу жұмыстары, оқу-әдістемелік құралдары одақтық, республикалық басылымдарда жарық көрді. Бұл еңбектер ғылыми қауымға кеңінен таныс.

Ғылыми-педагогтік қызметті қоғамдық жұмыстармен үнемі ұштастыра жүргізу ұстазымызға тән қасиет еді. Рәшида Ғазизқызы бірнеше рет халық депутаттарының Ленин аудандық және қалалық Кеңестеріне депутат болып сайланды. Ол кісінің есімі қалалық Құрмет тақтасына жазылған.

Жастар ұстазының еңбексүйгіштігі, белсенді қоғамдық еңбектері лайықты бағаланды. «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін», В.И. Ленинге 100 толуына «Қажырлы еңбегі үшін», «Еңбек ардагері» медальдары, «Оныншы жылдықтың екпіндісі», КСРО Жоғары және орта арнаулы білім министрлігінің «Еңбектегі үздік жетістіктері үшін» белгілері – соның айғағы.

Рәшида Ғазизқызы 1989 жылдың 1 наурызында зейнеткерлік демалысына шықты. Жолдасы Мерхат Омарұлы екеуі 2 қыз бала тәрбиелеп өсірді. Балалары

Васига және Фарида ана жолын қуған химиктер. Рашида Ғазизқызы 2006 жылдың 25 наурызында дүниесін салды.

Ғалым-педагог Рәшида Ғазизқызы Омарова іргетасын қаласқан химия факультеті 50 жылда қаламызға, елімізге ғана емес, таяу және алыс шетелдерге танымал ғылыми-педагогикалық орталыққа айналды. Бұнда химия технология саласында 7-8 мамандықтан жоғары білікті мамандар даярланады, заманауи үш деңгейлі – бакалавриат, магистратура, докторантура оқу жүйесі және PhD-докторларын даярлайтын диссертациялық кеңес жұмыс істеуде.

Бүгінде факультетте 10-нан астам ғылым докторлары, 40-қа жуық ғылымкандидаттары мен PhD докторлары қызмет істейді. Олардың ішінде 20-дан астамы «Жоғары оқу орындарының үздігі үздік оқытушысы» құрметті атағына ие.

Рәшида Ғазизқызы өте шыншыл, ақиқатқа жүгінетін және оны көпшілік алдында тура айталатын жан еді. Ол кісінің жастарға қамқорлығы, оларды білімге, ғылымға баулудағы ұстаздығы мен аналық мейірімі үнемі төгіліп тұратын.

Ғалым-педагог профессор Рәшида Ғазизқызы Омарованың еңбегі бүгінде өз жемісін беруде, сондықтан ол кісінің ғибратты ғұмыры, жарқын бейнесі әріптестеріне, шәкірттеріне ғана емес, бүгінгі және келешек жастарға да үлгі үлгі – өнеге болып қала бермек.

ВОСПОМИНАЯ О ПЕРВОМ ДЕКАНЕ ХИМИЧЕСКОГО ФАКУЛЬТЕТА КАРГУ ОМАРОВОЙ РАШИДЕ ГАЗИЗОВНЕ

Салькеева Л.К.

Карагандинский университет им. академика Е.А. Букетова

Мои воспоминания о Рашиде Газизовне связаны с моей первой встречей, связанной со временем вступительных экзаменов в КарГУ в августе 1973 г. Так получалось, что она присутствовала на моих двух устных вступительных экзаменах по химии и физике. Далее были еще два экзамена (математика и сочинение). В тот момент, конечно, я еще не понимала, что это была декан факультета. Но уже на этих двух экзаменах она меня заметила, подбадривала, и проявляла уверенность в моем поступлении на химфак. Эти факты существенно повлияли на мою уверенность в правильности выбора профессии.

И уже на защите дипломной работы на пятом курсе Рашида Газизовна отметила, что, если бы была возможность оставить меня на кафедре, она бы это поддержала. Однако, в то время такой практики не было.

Хотелось бы отметить, что все мои воспоминания о Рашиде Газизовне являются позитивными и светлыми. Она осталась в памяти, как очень строгий, но честный и справедливый руководитель. Она была, как говорят сейчас, очень грамотным менеджером. Об этом свидетельствует, тот факт, что деканат